

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 11-03/472 бұйрығы

Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құқықтық қамтамасыз ету департаменті осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апталық мерзімде жолдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Мамытбеков*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л                                      ш а р у а ш ы л ы ғ ы                                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 2                                      ж ы л ғ ы                                      2 6                                      қ ы р к ү й е к т е г і  
№ 11-03/472 бұйрығына қосымша

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің күші жойылды деп танылған бұйрықтардың тізімі**

1) «Қазақстан Республикасында ветеринариялық препараттарға мемлекеттік тіркеу және Мемлекеттік реестр жүргізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 31 қазандағы № 349 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2097 тіркелген);

2) «Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау, нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 399 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2100 тіркелген);

3) «Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 399 бұйрығына толықтыру

енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 92 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5598 тіркелген, 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 53 (1476) «Заң газеті» газетінде жарияланған);

4) «Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 29 тамыздағы № 457 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2494 тіркелген);

5) «Асыл тұқымды мал шаруашылығындағы кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 4 мамырдағы № 285 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4242 тіркелген, 2006 жылғы 16 маусымдағы № 109-110 (916) "Заң газеті" газетінде жарияланған).